

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

МРНТИ 14.35.09

DOI: 10.59102/kufil/2023/iss2pp78-85

К.К.Муканова

п.ф.к., «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қ., Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-8812-7625> E-mail: Mukanova.k@mail.ru

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУДАҒЫ ЖОБА ӘДІСІ

Мақалада ғылыми қызметті ұйымдастырудың қағидаттары мен құрылымын білу, алған білімін ғылыми зерттеулер барысында қолдана алу, ғылыми зерттеулердің қолданыстағы тұжырымдарын, теориясы мен тәсілдерін сыни көзбен талдай алу, алған білімдерін жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу міндеттерін шешу үшін ықпалдастыра алу сияқты мәселелерді шешудің жолы қарастырылады. Ғылыми-зерттеуді және ғылыми-педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмін білуге негізделген жоба әдісі ұсынылады. Білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуда жоба әдісінің (зерттеушілік бағыт) мүмкіндіктері анықталады. Білім алушыларды болашақ өмірге бейімдеп, өздігінен жұмыс жасап, шешім шығаруға бейім маман дайындаудағы жоба әдісінің дидактикалық шарттары қарастырылады. Қазақ тілін ғылыми-ізденушілік бағытта оқытудың қазіргі жүйесі мен қоғамдық-әлеуметтік талап арасындағы сәйкессіздіктің табиғатын ашып, оқу үдерісінің жаңа бағыттарын саралайды.

Кілт сөздер: ғылыми зерттеу қызметі, зерттеушілік қабілет, зерттеушілік бағыт, жоба әдісі, ғылыми-ізденіс, қолданбалы-практикалық.

КІРІСПЕ

Адам өмірі мен қызметінің барлық салаларына әсер етіп отырған қазіргі кезеңдегі тұрақсыздық, түсініксіздік пен күрделілік әлемнің айқындалушы белгілеріне айналу. Аталған жағдайлар кез келген маманның, соның ішінде болашақ мұғалім мен оқытушының кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды айтарлықтай өзгертті. Жаңа талаптардың негізгісі - кәсіптік және әлеуметтік салада болып жатқан өзгерістерді тұрақты зерттеу негізінде ерекше жағдайларда жұмыс істеуге және тиімді шешімдер қабылдауға дайын болу.

Университетте дайындалатын «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын бітіруші түлектер «ғылыми-зерттеуді және ғылыми-педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу» оқыту нәтижесіне жетуі тиіс деп көрсетілген. Сондай-ақ, ғылыми және педагогикалық магистратура бітірушілерінің негізгі құзыреттіліктеріне «ғылыми қызметті ұйымдастырудың қағидаттары мен құрылымын білу, алған білімін ғылыми зерттеулер барысында қолдана алу, ғылыми зерттеулердің қолданыстағы тұжырымдарын, теориясы мен тәсілдерін сыни көзбен талдай алу, алған білімдерін жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу міндеттерін шешу үшін ықпалдастыра алу» сияқты талаптар қойылған. Яғни, білім беру саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелерін педагогикалық қызметтерінде жүйелі қолдана алу дағдылары жайында айтып отырмыз. Аталған дағдыға ие болу, өз кезегінде, бакалавр, магистратура түлектерінің әдіснамалық мәдениетін дамыту қажеттігін туындатады.

7В01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың зерттеушілік қабілетінің қалыптасу жағдайын зерттеу барысы (2020ж.,

2021ж., 2022ж. білім алушылар, зерттеуге қатысқандар саны – 108) олардың басым көпшілігінің (шамамен 44%-ы) зерттеу дағдыларын жетік меңгермегендігін көрсетті. Атап айтқанда, білім алушылар зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу, қарама-қайшылықтарды анықтау және мәселені тұжырымдау, зерттеу гипотезасын ұсыну, зерттеу әдістерін дұрыс сұрыптау, эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау және түсіндіру, тұжырымдамалық-терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу сияқты зерттеу жұмысының элементтерін ұсынуға қиындықтарға тап болды.

Білім алушылардың зерттеушілік қабілетінің даму деңгейінің төмен болуының басты себептерінің бірі – оқу үдерісінде орындаушылық және репродуктивті әрекеттерге бағытталған дәстүрлі оқыту технологияларының басым болуы. Мысалы, оқытылатын пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың құрылымы негізінен ақпараттық-репродуктивті парадигманы көрсететін дәстүрлі оқулықтар. Оқулықтардың көпшілігі білім алушылардың танымдық және зерттеу қызметін ұйымдастыруға бағытталмайды. Инновациялық тәжірибеде қолданылатын білім алушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері, формалары әлсіз. Белсенді оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдану көбінесе формальды түрде жүзеге асырылады немесе пәндердің жұмыс бағдарламаларында көрсетілумен шектеледі. Бұдан педагогикалық білім беру саласындағы білім алушыларды әдіснамалық даярлаудың қолданыстағы тәжірибесі мен әдістемесі дайын білім алу әдетін қалыптасуына әкелетінін көруге болады. Нәтижесінде, түлектер көбінесе ғылыми білімге жүгінуді қажет ететін мәселелерді өз бетінше қоя алмайды және шеше алмайды. Педагогика ғылымында білім алушылардың зерттеушілік қызметін дамытуға үлкен мүмкіндік беретін зерттеулерді атап айтсақ, ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздері [1], проблемаландырып зерттеудің теориялары [2], жобалап зерттеудің теориялары [3] қарастырылған.

Шетелдік зерттеушілер білім алушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыруға ықпал ететін, мысалы, қашықтықтан оқытатын жеке оқыту желілеріне, шығармашылық, анимациялық және ойын әдістеріне негізделген әдістер әзірледі. Ол әдістердің мәні виртуалды білім беру ортасындағы оқиғаларды пайдалана отырып, білім алушылар мен оқытушылар проблемалық мәселелерді зерттеп, шынайы өмірлік мәселелерді шешуінде, яғни әдістердің зерттеуге бағытталуында. Олар мұны сарапшылармен, зерттеушілермен және қашықтан оқытын басқа білім алушылармен бірлесіп жасайды. Әдістерді бірнеше нұсқада ұсынуға болады, мысалы, оқу бағдарламасымен жұмыс істеу барысында білім алушы әртүрлі рөлдерде әрекет ете алады: жоба жетекшісі, баяндамашы, модератор, оқытушы, сарапшы т.б. Бұл ретте тапсырманың мазмұнын, зерттеу сұрақтарын, зерттеу орны мен уақытын білім алушылардың өздері белгілейді. «Зерттеушілік қызметке негізделген оқыту – оқу үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы жасалған әртүрлі өнер нысандарын пайдалануды көздейтін шығармашылық әдіс» - деген анықтама де берілген [4]. Ғалымдар бұл әдістің білім алушылардың рефлексиялық қабілетін, шығармашылық қабілетін, коммуникативті мәдениетін дамытуға оң әсерін тигізетінін айтады.

Қарастырылып отырған жоба әдісі (зерттеушілік бағыт) жобалау мен ғылыми-зерттеушілік әдіс арасындағы ортақ ерекшеліктер негізінде пайда болған әдіс деп айтуымызға болады.

Зерттеудің өзектілігі қазақ тілін ғылыми-ізденушілік бағытта оқытудың қазіргі жүйесі мен қоғамдық-әлеуметтік талап арасындағы сәйкессіздіктің табиғатын ашып, оқу үдерісінің жаңа бағыттарын саралап беруді, білім алушыларды болашақ өмірге бейімдеп, өздігінен жұмыс жасап, шешім шығаруға бейім тұлға дайындап шығуды көздейді.

Зерттеудің мақсаты - «Педагогикалық білім» бағыты бойынша білім алатын білім алушылардың зерттеушілік қызметін дамыту технологиясы ретінде жоба әдісін (зерттеушілік бағыт) жүзеге асырудың дидактикалық шарттарын анықтау.

Мақсатқа сай, зерттеу міндеттері анықталды. 1) «Жоба әдісі» ұғымының мазмұнын ашу; 2) білім алушылардың зерттеушілік қызметін дамытуда жоба әдісінің (зерттеушілік бағыт) мүмкіндіктерін анықтау

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Теориялық (мәселе бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау, жалпылау, абстракциялау, модельдеу) және эмпирикалық (сынақ, тәжірибелік жұмыс) әдістер; сипаттамалық статистика әдістері.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Бірінші мәселені шешу барысында оқыту түрлерінің бір-бірінен айырмашылығы (догматикалық, түсіндірме-иллюстрациялық, проблемалық, бағдарламаланған, шоғырланған және т.б.) негізінен оқыту барысындағы білім алушылардың іс-әрекетінің сипатымен байланысты екендігі анықталды. Мысалы, түсіндірме-иллюстрациялық оқыту барысында атқарушылық және репродуктивті сипаты басым болса, бағдарламаланған оқытуда алгоритмдік, проблемалық оқыту барысында өзіндік іздену басым болады.

Жоба әдісі (зерттеушілік бағыт) «жобалау қызметі» және «зерттеу қызметі» деген екі ұғымды біріктіріп, білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыруға бағытталған. Білім алушылардың жобалау қызметі идеядан және оны жүзеге асыру мен рефлексияға дейінгі барлық әрекетті өз бетінше жүзеге асыруды көздейді.

Жоба әдісінің негізгі белгісі жобаның соңғы нәтижесінде теориялық немесе практикалық құндылығы бар белгілі бір өнім шығару болып табылады, мысалы, жазған ғылыми мақала, оқу-әдістемелік көмекші құрал, т.б.

Зерттеу қызметіне келетін болсақ, ол зерттеу жұмысын белсенді жүргізу нәтижесінде пайда болатын және зерттеушілік құзыреті негізіне құрылған интеллектуалды және шығармашылық қызметтің ерекше түрі ретінде қарастырылады.

Зерттеу қызметі білім алушылардың шығармашылық міндеттерді шешуімен тікелей байланысты, мұнда мәселені шешуге қажетті жаңа білім мен білік игеру негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, жобаны іске асыру уақыты тұрғысынан алғанда да, бұл қызмет түрлерінің айтарлықтай айырмашылықтары жоқ: жоба және зерттеу жұмыстары жобалау, іске асыру және кері байланыс кезеңдері бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылардың өзіндік жобалау-зерттеушілік қызметтерінің маңызды сипаттары мыналар болып табылады: нақты нәтиже алуға бағдарлану, пәнаралық және зерттеушілік сипаты, аксиологиялық, студентке бағдарланған, оқу үдерісінің белсенділік-семантикалық логикасы, дербестік, жаңа тәжірибені игеру [5].

Жоба әдісі студенттердің өздік жұмыстарының бір түрі бола отырып, олардың оқу (дәрісханалық) және зерттеу (дәрісханадан тыс) қызметін біріктірудің тиімді формасы ретінде әрекет етеді, бұл, біріншіден, студенттер дәрісханада алған зерттеу қызметінің негіздері туралы теориялық білімдерін дәрісханадан тыс өздік жұмыс үрдісінде қолдана алатындығынан көрінеді, екіншіден, жобаны жүзеге асыру барысында қалыптасқан зерттеу дағдыларын оқу-танымдық қызметте қолданады.

Жоба әдісінің қызметі білім беру жүйесінің қазіргі кезеңінің міндеттеріне жауап береді. Дәл осы білім беру түрі соңғы екі онжылдықта жалпы білім беретін мектеп тәжірибесінде де, жоғары және қосымша кәсіптік білім беру жүйесінде де қалыптасты. Бұл жаңа білім беру тәжірибесінің негізгі белгілері жаңа мақсаттар, білім берудің үнемі жаңартылып отыратын мазмұны, педагогикалық және цифрлық технологиялардың конвергенциясы, критерийлердің, әдістер мен бақылау құралдарының және білім беру нәтижелерін бағалаудың өзгеруі болып табылады. Қалыптасқан көп өлшемді, өзгермелі оқу тәжірибесі оның даму жолдарын терең және жан-жақты түсінуді, сипаттауды, түсіндіруді және болжауды талап етеді. Мұны бір оқыту теориясы шеңберінде жүзеге асыру мүмкін емес, себебі маман дайындаудағы қазіргі білім беру тәжірибесі көрсеткендей, оқу үдерісінің жоба, зерттеу сипатына бағытталғандығында болып отыр.

Жоба әдісін қолдану барысында білім алушы а) зерттеу қызметін дербес жобалайды (мақсаты, гипотезасы мен міндеттерін тұжырымдайды, зерттеу бағдарламасы мен әдістемесін әзірлейді, эксперименттік оқу-бағдарламалық құжаттаманы дайындайды), б) зерттеуді тікелей жүргізеді және оның нәтижелерін рәсімдейді; в) зерттеу нәтижелері бойынша өзін-өзі бағалауды және рефлексияны жүзеге асырады.

«Жоба әдісі» оқыту үдерісінде ХҮІІ ғасырдан бастап қолданыла басталған. ТМД елдері тарихында С.Т. Шацкийдің, Н.К.Крупскаяның оқыту тәжірибесінде 1905 жылдан бастап қолданылған бұл әдіс кейіннен «бригадалық әдіс» деген ұғыммен ауыстырылып, қолданыстан шығып қалғанымен, соңғы жылдары оқу-ағарту саласында қайта жаңғыра бастады. 1965 жылдан бері қарай жобалап оқыту әдісі кеңінен қолданыла бастады. Бұл әдіске қайта оралудың басты себебі «мәселені білім алушылардың өзіндік ізденісі арқылы қарастыруға мүмкіндік беретіндігі» деп ғалымдар тұжырымдайды, яғни білім алушылар нақты мәселені шешу үшін өзіндік әрекет жасап, теориялық білімді де меңгереді, соның нәтижесінде өз ісінің қалай орындалғанын бағалай алады. Көптеген ғалымдар оқу әрекеттері оқытушының қатысуынсыз орындалуы тиіс. Сонда оқушы өз әрекетінің нәтижесін көріп, өзінің қабілетін бағалай алады деп тұжырымдайды.

Зерттеудің екінші міндеті жоба әдісін оқу үрдісінде қолданып, нәтижесін шығаруға бағытталды.

Жалпы жоба жұмысы орындалу мерзіміне қарай қысқа мерзімді (2-3 сабақтық, 2-3 апталық) және ұзақ мерзімді (тоқсандық немесе жылдық) болуы мүмкін. Ал мазмұндық сипаты жағынан ғылыми-ізденіс және қолданбалы-практикалық болып екіге бөлінеді. Көпшілік жағдайда ғылыми-ізденіс жобалары ұзақ мерзімге жоспарланса, қолданбалы-практикалық жобалар қысқа мерзімде орындалады. Жобаның қандай түрінде болсын зерттеушілік пен шығармашылық басты орын алады. Шығармашылық жұмыстар оқушылардың өз беттерімен іздену, зерттеу, қорытынды жасау іс-әрекетіне түрткі жасай отырып, оларды ғылыми ізденіске жетелейді [6, 120б.].


Алдыңғы уақыттарда жарияланған мәліметтерді басшылыққа ала отырып, «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі» пәндерін меңгерту барысында жоба әдісінің ізденушілік бағыты пайдаланылды. Білім алушыларға, алдымен, жоба әдісінің мақсаты, міндеті, тәртібі түсіндірілді. Одан кейін қазақ тілін ғылыми-ізденушілік бағытта меңгертуге бағытталған жоба жұмыстары іріктелді. Алғашқыда жоба жұмысын орындау қиынға соқты. Зерттеу жүргізудің әдіснамасын білмеді. Бірнеше жоба жұмыстары орындалды. Бір жоба жұмысынан мысал келтірсек, жоба жұмысына «Көркем әдебиет тілін талдау» жалпы тақырыбы алынды. Жоба жұмысын орындау үшін көркем әдебиет тілін талдау бойынша 50-ге жуық түрі берілді. 1. Адам портреті. Адам портретінің өзі бірнеше түрге бөлінді: бел, білек, тұрпат, ауыз, қабақ, қас, мұрын, шаш, бет т.б. 2. Адамның оң сипаттары. 3. Адамның теріс сипаттары. 4. Мақтау түрлері. 5. Адамдар қарым-қатынасы. 6. Кездесу, келісім түрлері. 7. Көмек, көмектесу, қолдау түрлері. 8. Сыйлау, құрметтеу. 9. Ұнату түрлері. 10. Көңіл-күй түрлері. 11. Айтыс-тартыс түрлері. 12. Ашулану. 13. Алдау, жасыру түрлері. 14. Қайғыру, уайымдау түрлері. 15. Қиындық түрлері. 16. Ақылға салу. 17. Байқау түрлері. 18. Білу сипаты. 19. Белгісіздік. 20. Сөйлеу түрлері. 21. Қарау түрлері. 22. Жүру түрлері. 23. Қимыл түрлері. 24. Тұру түрі. 25. Әдемі. 26. Көптік ұғым. 27. Аз. 28. Уақыт түрлері. 29. Пішін түрлері. 30. Ауа-райы. 31. Жауын түрі. 32. Жел. 33. Қар. 34. Таңның атуы. 35. Жарық. 36. Орын тәртібі. 37. Дала. 38. Тау. 39. Өсімдіктің өсуі. 40. Су рені. 41. Судың ағысы. 42. Дыбыс түрі. 43. От жану. 44. Ат жүрісі. 45. Адам жүрісі. 46. Адам қимылы. 47. Күлкінің түрлері.

Осы «Көркем әдебиет тілін талдау» жобасын орындау бойынша 4 топ құрылды. Шығарма М.Әуезовтің «Абай жолы» романы таңдалды. 2 апта уақыт берілді. Жоба жұмысын аяқтаған соң, әр топ өз жобасын қорғады. Әр топтың жұмыс жасау нәтижесі әртүрлі болды. Бір топ толық талдау жасады, мысалы, мысалдарды іріктеу, картотека жинау, одан әрі жасалу жолына қарай, түсініксіз сөздердің мағынасын ашу т.б. сияқты жұмыстар орындалды. Мысалы, *күлкі түрлері* бойынша талдаудан біраз мысалдар келтірсек, *әзілдесін күлу, көңілді*

күлкі сығырая күлу, қатты күлу, ақсия күлу, күлімдеп күлу, лекіте күлу, орынсыз күлкі, тыжырынып күлу, даурыға күлу, ақсия күлу, сүйсіне күлу, қарқ-қарқ күлу, қуанып күлу, ақырын күлу, сыңғырлап күлу, күміс қоңыраудай күлкі, сыпайы күлу, ұяң күлкі, сылқылдап күлу, екі көзінен жас аққанша күлу, ду күлу, қарқылдап күлу, мазақ күлкі, даурыға күлу, масайрап күлу, кекесінмен күлу, ойнақыланып күлу, үні өшкенше күлу, сылқ-сылқ күлу, әзіл күлкі, амалсыздан күлу, еріксіз күлу, жадыраған күлкі, ызалана күлу, мырс етіп күлу, үнсіз күлу, көңілді күлкі, сылдырлай күлу, сықылдап күлу, кеңкілдеп күлу, езу тарта күлу, сақылдап күлу, ырсылдап күлу, үндемей күлу, сүйсініп күлу, жадырап күлу, селкілдеп күлу, уайымсыз күлкі, қызу күлкі, қулана күлу, ақсия күлу, сықылықтап күлу, қысыла күлу, саңқылдап күлу, т.б.

Сөйлеу түрлері бойынша, әсерлеп сөйлеу, қиыстыра, бажырайлай, тақақтап, бипаздап, жаймашуақтап, бастырмалай, тақылдау, сыпылдау, түйдектете, есіп сөйлеу, екіленіп, әңгірлеп сөйлеу, күжілдеп сөйлеу, сарылдап сөйлеу, сәмпылдап сөйлеу, барқылдап сөйлеу, бажырақтап сөйлеу, дүрсе қоя беру, қағызта сөйлеу, айбаттана сөйлеу, шаға сөйлеу, кекетіп сөйлеу, екіре сөйлеу, жазғыра сөйлеу, сықпырта сөйлеу, зеки сөйлеу, бажылдап сөйлеу, зілмарсыз сөйлеу, көке сөйлеу, оспақтап сөйлеу, астарлап сөйлеу, қақылдап сөйлеу, т.б. [7].

Бұл бір ғана жоба жұмысының мысалы. Осы іспеттес, ғылыми-зерттеуге бағытталған бірнеше жоба жұмыстары орындалды. Соңғы нәтижесі төмендегі 1-суретте берілді.



1-сурет – жоба тапсырмаларының орындалу нәтижелерінің көрсеткіші

Жоба әдісімен жұмыс істеу барысында әрбір білім алушы:

- білімді өз ізденісі нәтижесінде игеріп, игерген білімді жаңа танымдық, тәжірибелік міндеттерді шешуде қолдана алуға үйренеді;

- зерттеушілік жұмыстардың практикалық тұстарын игереді, қажетті ақпараттар жинайды, фактілерді талдауға үйренеді, қорытынды шығарады.

Жоба әдісін қолдану барысында білім алушылардың әртүрлі декеркөздер арқылы өзіндік ізденуі негізінде білім жетілдірулеріне жағдай жасалады, меңгерген білімдерін танымдық және практикалық міндеттерді шешуде қолдана алуға үйренеді, әртүрлі топтарда жұмыс жасау арқылы қарым-қатынас жасауға дағдыланады, зерттеушілік қабілеттерін жетілдіреді, жүйелі ойлау қабілеттерін дамытады.

ТАЛҚЫЛАУ

Білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту үшін курстық және дипломдық, магистрлік жұмыстар шеңберінде ғана емес, сонымен қатар жеке пәндерді оқу үдерісінде оқу және ғылыми жобаларды жүзеге асырудың маңызы зор. Зерттеу нәтижелері болашақ бакалаврларды, магистрлерді теориялық және практикалық оқыту процесінде, сондай-ақ қосымша кәсіптік білім беру жүйесінде жоба әдісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін деп есептейміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, төмендегідей қорытынды жасалды:

1 Жоба әдісі қазіргі білім беру саласына қойылып отырған талаптарға, бүгінгі күн сұранысына жауап беретін заманауи жаңа әдіс болып саналады.

2 Өз бетімен белсенді жұмыс жасай алатын білім алушының өзіндік ізденісіне, олардың өзін-өзі танытуына, танымдық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктер қалыптастыруда шешуші мәнге ие бола алады.

3 Түрлі жобаларды орындауы нәтижесінде білім алушының «зерттеушілік дағдылары» жетілдіреді.

4 Қазақ тілін ғылыми-ізденушілік бағытта оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін толық меңгеру, оны сауатты қолдану жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілін меңгерудің сапасын арттырады.

5 Қазақ тілін ғылыми-ізденушілік бағытта оқыту арқылы білім нәтижесін құзыреттіліктер деңгейінде қалыптастыруға мүмкіндік болады.

6 Жоба әдісі аясында білім алушылардың танымдық және тәжірибелік қабілеттерін дамытуда даралап оқытудың да және топтық оқытудың да мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

7 Ғылыми-зерттеуді және ғылыми-педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін біледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Новиков А.М., Новиков Д.А. Методология. – М.: Синтег, 2007. – 668с.

2 Махмутов М.И. Научные труды: в 7 т. т.1: Проблемное обучение. Основные вопросы теории / сост. Д.М.Шакирова. – Казань: Магариф-Вакыт, 2016. -334с.

3 Ильин Г.Л. Инновации в образовании. М.: Прометей, 2015. -426с.

4 Бережнова Е.В., Краевский В.В. Основы учебно-исследовательской деятельности студентов. – М.: издательский центр «Академия», 2005. -128с.

5 Ибрагимов, Г. И. Методология исследовательски-ориентированного обучения в системе педагогического образования // Образование и саморазвитие. – 2019. – 14. – №3. – С. 117-127

6 Муқанова К.К. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіндегі жобалап оқыту әдісі//Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2016. - №1. – 119-124б.

7 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1989. – I т., – II т., – III т., – IV т.

REFERENCES

1 Novikov A.M., Novikov D.A. *Metodologiya* [Methodology] (M.: Sinteg, 2007).

2 Mahmutov M.I. *Nauşnye trudy: v 7 t. t.1: Problemnoe obuşenie. Osnovnye voprosy teorii / sost. D.M.Şakirova* [Problem-based learning. Basic questions of theory / comp. D.M.Shakirova] (Kazan': Magarif-Vakyt, 2016)

3 Il'in G.L. *Innovatsii v obrazovanii* [Innovations in education] (M.: Prometei, 2015).

4 Berejnova E.V., Krayevskii V.V. *Osnovy uşebno-issledovatel'skoi deyatel'nosti studentov* [Fundamentals of students' educational and research activities] (M.: İzdatel'skii tsentr «Akademia», 2005).

5 Ibragimov, G. I. *Metodologia issledovatel'ski-orientirovannogo obuşenia v sisteme pedagogişeskogo obrazovania* [Methodology of research-oriented learning in the system of pedagogical education] (Obrazovanie i samorazvitie – 2019).

6 Mukanova K.K. *Bilim aluşılardıñ ǵılımi-zertteu qızmetindegi jobalap oqıtu ädisi* [Method of design training in research activities of students] (Euraziya gumanitarlyq institutınıñ Xabarşısı. – 2016).

7 Äuezov M. *Abay jolı: Roman-épepeya* [The way of Abai: epic novel] (Almaty: Jazuşı, 1989).

Материал 20.06.2023 баспаға түсті

Метод проекта в развитии исследовательских способностей обучающихся

Муканова К.К.

НАО «Университет имени Шакарима города Семей», г. Семей, Республика Казахстан

В статье рассматриваются способы решения таких вопросов, как знание принципов и структуры организации научной деятельности, умения применять теоретические знания в ходе научных исследований, критически анализировать существующие выводы, теорию и подходы научных исследований, умение интегрировать полученные знания для решения исследовательских задач в новых ситуациях. Предлагается проектный метод, основанный на знании методологии организации научно-исследовательских и научно-педагогических дел и алгоритмов планирования. В развитии исследовательских способностей обучающихся определяются возможности метода проекта (исследовательская направленность). Рассматриваются дидактические условия проектного метода при подготовке обучающегося к будущей жизни, к самостоятельной работе и выработке решений. Выявляется несоответствие между современной системой научно-поискового обучения казахскому языку и общественно-социальными требованиями, анализируются новые направления учебного процесса.

Ключевые слова: научно-исследовательская деятельность, исследовательская способность, исследовательское направление, метод проекта, научно-исследовательский, прикладно-практический.

Материал поступил в редакцию журнала 20.06.2023

The project method in developing the research abilities of students

Mukanova K.K.

NJSC «Shakarim University of Semey», Semey, Kazakhstan

The article discusses the necessity to know the principles and structure of scientific activity organization, the ability to apply theoretical knowledge in the course of scientific research. The paper discusses ways of critical analysis of conclusions, theory and approaches in scientific research, the ability to integrate the acquired knowledge into solving new research problems. The paper proposes project method as a basis for organizing research, scientific and pedagogical issues including planning algorithms. The project method (research orientation) is determined as principle in developing students' research abilities. The paper considers didactic conditions of the project method as necessary in preparing students for the future life, independent work and decision-making. The article reveals discrepancy between the modern system of scientific and

exploratory teaching of the Kazakh language and social requirements, analyzes new directions of the educational process.

Key words: research activity, research ability, research direction, project method, research, applied and practical.

Received: 20.06.2023

МҒТАР 14-25/-09

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp85-93](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp85-93)

Н.К. Смагулова¹, Ж.Т. Бектасова²

¹ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-8822-5807> E-mail: smaghulova13@mail.ru

²ф.ғ.к., доцент, Қазақ Ұлттық өнер университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0009-0008-0309-6534> E-mail: bzhomazhan@mail.ru

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада мектеп оқушыларының оқырмандық құзіреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылды. Мектеп оқушыларының кітап оқу іс-әрекетін дамыту – Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып табылатындығы атап өтілді. Кітап оқу – білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір формасы ретінде бүгінгі білім кеңістігінде айрықша мәнге ие екендігі тұжырымдалды. Сонымен қатар жеке тұлғаның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететін мәселе екендігі көтерілді. Мақала негізінде мектеп мұғалімдеріне оқушылардың оқырмандық іс-әрекетін дамытудағы қазақ әдебиеті сабағының орны, тиімді әдіс-тәсілдері жүйеленіп ұсынылды. Мұғалімге оқушыларды дербес жұмыс істеуге ынталандыру іс-әрекеттері түрлерін ойлау мен мектеп оқушыларының жекелеген ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеру маңызды екені туралы ой тұжырымдалды. Бұл әр оқушының әдеби оқылымдар бойынша сабақтан тыс жұмыстарға қатысуына қызығушылығын арттыруға ықпал ететіндігі қарастырылды. Оқудың бірнеше түрлері ұсынылып, әрқайсысының өзіндік сипаты берілді.

Кілт сөздер: оқырман, құзіреттілік, оқу түрлері, іс-әрекет, функционалдық, мәтін.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі – мектеп оқушыларының кітап оқу дағдысын дамыту болып табылады. Себебі бүгінгі мектеп оқушысының қоғамда табысты, білім кеңістігі мен еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы да осы мәселеге қатысты болып табылады. Қазіргі қоғамдағы рухани жадаулықтың қатыгездікке ұласып жатқаны ащы шындық. Осы орайда тұлғаның бойына рухани құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі – мектеп жасынан бастап баланы кітап оқуға дағдыландыру. Сондықтан да ғасырлар тоғысындағы ақпараттық технология қарыштап дамыған тұста рухани құндылықтарды оқушылардың бойына сіңірудің ең тиімді жолы оқырмандық құзіреттілікті қалыптастыру болып табылады. Мектепте қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында оқырмандық мәдениет қалыптастыру мәселесі басты міндеттердің бірі.